

ӨНЕРІ ӨРГЕ ЖҮЗГЕН ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

Исмаилова Гүлфайрус
Мансұрқызынан бір үзін сыр



Сурет Өнері Көгіндегі “Алғашқы Қарлығаш”

30 жылдарғы Алматы – бір-
екі қабатты үйлері кілең
жапыраққа оранған жап-
жасыл саябақ болатын

Гүлфайрустың
балалық шағы



Кішкентай
Гүлфайрустың
балалық шағынан
бірінші есіне
алатыны – алма,
алмұрт, жеміс-
жидек пен гүл
өскен үлкен жеміс
бағы. Бүкіл әлем
дәл осындай
алаңсыз, хош иісті,
қызылды-
жасылды алуан
түсті болар деп
ойлайтын.

Сол кездегі қаланың шет жағы болып
саналатын Бас арықта (қазіргі Абай
көшесі) тау басындағы мұздақтардан еріп
ағып жатқан мөп-мөлдір суық сумен
шөлімізді басатынбыз.





Гулфайрус таяуда ғана ашылған «Ковровщица» артеліне жұмысқа тұрып, өзінен жасы үлкен қазақ, ұйғыр, дұңған әйелдерімен бірге суретші **Николай Цивчинскийдің** эскизімен кілем тоқыды. Тоқуды ол әжесінен үйренген болатын, бірақ жіпті жай ғана тоқып отыру оның ішін пыстырып жіберді. Суретшінің жұмысына көзін сала жүріп, біртіндеп өзі де сурет сала бастады. Ол онда **11-де** болатын. Бір күні кілем тоқушыларға қарап отырып (қыз мүсіні), аштықтан құлап қалды. Әйелдер суретшімен бірге оған тәтті шай ішкізіп, басын көтертті. Одан кейін соғыс басталды. Соғыс алыста болып жатқанымен, жайқалған жасыл бақ Алматының өмірінде де кенеттен өзгерістер болды: ер адамдар қалмады, оның есесіне **Мәскеуден, Ленинградтан, Киевтен, Харьковтен...** әр түрлі бөтен кісілер келіп жатты. Алматы Кеңес елі үшін көрнекті суретшілерді, режиссерлер мен актерларды сақтап қалды.



1929-2013

**Исмаилова Гүлфайрус Мансұрқызы
кескіндемеші, театр және кино суретшісі,
Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өнер
қайраткері**

- 1949 жылы Алматы көркемсурет училищесі;
- 1956 жылы Ленинградтың И.Е Репин атындағы кескіндеме, мүсін және сәулет өнері институты;
- 1947- 1949 жылдары Қазақ консерваториясының вокальдық факультетінде оқыды.
- 1956-57 жылдары Алматы көркемсурет училищесінде сабақ берді.
- 1971-1974 жылдары Қазақтың опера және балет театрында бас суреші.
- Қазақстанның халық суретшісі, 1987
- «Құрмет Белгісі» ордені және медалының марапат иегері.



Парижде 15 жыл
тұрып, «Өнер
әлемі»
бірлестігімен
байланыстағы
театр суретшісі
әрі график
Михаил
Павлович
Бобышевтан
сабақ алды.

ОПЕРА

Брусиловский «Ер Тарғын». 1967;
Мұхамеджанов «Жұмбақ қыз». 1972;
Пуччини «Чио-Чио-Саны». 1972;

БАЛЕТ

Тілендиев, Манаев және Степанов «Достық
жолы». 1958;
Великанов «Қамар сұлу». 1958;

СПЕКТАКЛЬ

Мүсірепов «Қозы Көрпеш-Баян сұлу». 1958;

КИНОФИЛЬМ, КАРТИНА, ПОРТРЕТ, НАТЮРМОРТ

«Қыз Жібек». 1969-71 (декорация мен костюмдер
эскиздер);
«Күләш Байсейітова Қыз Жібек рөлінде». (1962);
«Ұйғыр қыздары». 1966;
«Халық шеберлері» триптих. 1967;
Шара Жиенқұлова. 1958;
Шолпан Жандарбекова. 1960-1961;
Бибігүл Ахметқызы Төлегенова. 1963-1964;
Әбілхан Қастеев 1966;
«Аласталған Алитетте», Тыгерна. 1950;
Ботакөз. 1957;
«Қыз Жібек», Тана. 1972 т.б



Костюм эскизі



Театралдық костюмге эскиз

«Кескіндемеші үшін жоғарғы деңгей – жалаңаштанған натураны жазып, оған жылы леп пен бойына құбылған жарық бере білу, адам денесінің тірі қалпының пластикасын түсіну»

**«Алпамыс»
операсының эскизі.
1989**



Обнаженная. 1995

БОТАГӨЗ КИНОФИЛЬМІ

